

# Ясауи университеті

a.yassau@mail.ru

университет студенттерінің үні

№ 7- 8 (487-488) 25 сәуір 2020 жыл

## БҮГІНГІ НӨМІРДЕ

### ЖАЛҒАСЫН ТАПҚАН ҚАЙЫРМДЫЛЫҚ

Елімізде жарияланған төтенше жағдайға байланысты сәуірдің 24 күні Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті қызметкерлерін қолдау мақсатында, шаруашылық бөлімнің 50 қызметкеріне азық-түлік таратып, осындай қиын кезеңде бірге екендігін білдірді.

2 бетте

### АБЫЛАЙ ХАН ҚАБІРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Археология ғылыми-зерттеу институтының бас ғылыми қызметкері, т.ғ.д. М.Қожа «Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде жерленген Абылай ханның қабірін зерттеу тәсілдері» тақырыбында онлайн-семинар ұйымдастырды.

3 бетте

### “КІТАП АҚЫЛЫНА АҚЫ СҰРАМАЙТЫН ЕҢ ҚҰНДЫ ҚЫЗЫНА”

"Кітап ақылына ақы сұрамайтын ең құнды қызына"- деген екен түркі жұртының ұлы ақыны, ойшыл Әлішер Науаи Ендеше, ой-өрісінзді дамытуға, жан-жақтылығыңызды арттырып, бастан кешпеген оқиғалар желісіне саяхат шегуге неге мүмкіндік жасап көрмеске?!

4 бетте

### САҚТАНСаң, САҚТАЙДЫ

Қазіргі таңда әлемді дүрліктірген COVID-19 вирусы жайында түрлі ақпарат кезіп жүр. Халық қай ақпаратқа сенерін білмей дал болуда. Осыған байланысты журналист Қуаныш Сабырұлының феисбук парақшасында аталмыш дертті зерттеп, ойына түйгендерін сараптай отырып түсіндірген жазбасын жарияладық.

7 бетте

## ҚАСИЕТТІ РАМАЗАН АЙЫ ҚҰТТЫ БӨЛСЫН!



**Құрметті мұсылман бауырлар, әріптестер!**

Бүгін – қасиетті Оразаның бірінші күні. Мұсылманның бес парызының бірі – ораза тұтып, ниет еткен барша әріптестер мен білімгерлерімізге ораза қабыл болсын айтамыз! Жақсы ниет, игі тілектерімізді Алла Тағала қабыл етсін.

**Қасиетті Рамазан айы құтты болсын!**

Отанымыз аман, жұртымыз тыныш, бауырымыз бүтін болсын. Барша Қазақстан азаматтарының қазіргі сынақ уақытында ынтымақ – бірлігі берік болғай!

**Б.С.Абдрасилов,**

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ ректоры**

## СТУДЕНТТЕРГЕ КӨМЕК КӨРСЕТИЛДІ

Сәуірдің 24 күні Рамазан айы басталды. Бұл айда мұсылманның бес парызының бірі – ауыз бекіту дәстүрі орындалады. Рамазан - қайырымдылық, мейірімділік, сауап-амалдар жасайтын, күнәлар кешірілетін ай деп саналады.

Осы айтулы күн қарсаңында университет ректоры Б.С.Абдрасилов бастаған басшылар жатақханадағы білімгерлерге азық-түлік пен күнделікті тұтынатын заттарды сыйға тартты. Университеттің жеті бірдей жатаханасы бар. Қазір бұл жатаханаларда жалпы саны 400-ге тарта үйлеріне қайта алмаған студенттер онлайн білім алып жатыр.

**Болатбек Абдрасилов, ректор:** - Құрметті студенттер, сіздерге алғысым шексіз. Сіздер өздеріңіздің шыдамдылықтарыңыз бен бауырмашылықтарыңызды көрсетіп жатырсыздар. Біздің ұлтымыз бөлек болғанымен барлығымыз түбі бір түркі елдерінің ұрпағымыз. Осындай сәтте біз бір-бірімізге керемет қолдау көрсетіп отырмыз. Осындағы әрбіріңіз карантиндік талаптарды сақтап, өз денсаулықтарыңызды қорғауларыңыз қажет. Сонда ғана біз әлемді дүр сілкіндірген індетті жеңіп шығамыз. Сіздердің амандықтарыңыз мен үшін өте қымбат!

**Женгиз Томар, I вице-президент:** -Карантин себебімен үйіне қайта алмаған немесе қалуды жөн көрген студенттеріміз бар. Олар әлемнің әр қиырынан келген жастар. Ректор мырза бастаған топ болып студенттерімізге қолдау көрсету үшін келіп отырмыз. Білімгерлерімізге карантин ережесін түсініп, тәртіпке бағынғандарыңыз үшін көп алғыс айтамыз. Бұл ережеге бағыну тек өздеріңіздің денсаулықтарыңызға ғана емес, өзгелердің саулығы үшін де өте маңызды. Ертең мұбақ Рамазан айы келе жатыр. Сіздер білесіздер, дінімізде ілім жолында жүру мұсылмандар үшін ең үлкен мәртебе. Біз Рамазан айында осы студенттерімізге қажетті көмекті көрсетуге дайынбыз. Құдай қаласа, Рамазан және Ораза айтпен бірге осы індетте кетеді деп сенеміз!

Осындай қиын-қыстау кезеңдерде университет тарапынан студенттерге барынша қолдау көрсетіп келеді.

**Розай Шаймерданкулова, 5-курс студенті, Түркіменістан Республикасы:**

Біз университет ректоры Болатбек Серікбайұлы бастаған барлық басшылық ұжымына үлкен алғыс айтамыз. Себебі, осындай дүние жүзінің басына түскен ауыр сынақта біздің денсаулығымызды қадағалап, сақтандыру жұмыстарын барынша жасауда. Бүгін мұндағы әрбірімізге бір айлық азық-түлік сыйлап жатыр. Бұның алдында да бізге дәрі-дәрмек пен бетперде үлестірген болатын. Біздің жағдайымыз жақсы. Алғысымыз шексіз!

Студенттермен кездескен оқу орнымыздың басшысы Болатбек Абдрасилов тұрақты түрде білімгерлермен қашықтықтан онлайн-сұхбаттар жүргізіп келеді. Бұлай қашықтықтан байланыс орнату студенттерге тиімді. Олар байланыс орнату арқылы көкейлеріндегі сұрақтарына жауаптарын ала-алады.

Карантиндік талаптары сақталған кездесу соңында сессия, степендия, бойынша өзгерістер мен толықтырулар жайлы және студенттердің белгілі бір мерзімде университет аумағында кезекшілердің қадағалануымен серуендеу мәселелері де сөз болды.



## СТУДЕНТТЕР ҮЙІМЕН ОНЛАЙН-БАЙЛАНЫС

Елімізде жарияланған төтенше жағдайға байланысты көшеге шығуға шектеу қойылып, барлық байланыс онлайн жүйеге ауысқалы айдан асты.

Жан - жақтан білім іздеп келген жастардың біразы елдеріне, үйлеріне қайтпай жатақханада қалған еді. Сәуірдің 23 жұлдызында университетіміздің ректоры Б.С.Абдрасилов Түркістан, Кентау, Шымкент қалаларындағы жатақханаларда тұратын университетіміздің студенттерімен онлайн - жүздесті. Кездесу барысында білім алушыларды қашықтықтан оқыту процесіне байланысты университет тарапынан атқарылып жатқан жұмыстармен таныстырып, жазғы сессия мәселелеріне байланысты мәлімет берді. Сұрақ-жауап форматында студенттермен сұхбаттасты. Онлайн - жүздесуге 400 - ге жуық студент қатысты. Айта кетсек, жатақханада жалпы саны - 382 білімгер бар. Оның 363 - шетелдік, 19 - қазақстандық студенттер. Қазіргі таңда жатақхана тұрғындарына университет тарапынан барлық жағдай жасалған.



## ЖАЛҒАСЫН ТАПҚАН ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ



Елімізде жарияланған төтенше жағдайға байланысты сәуірдің 24 күні Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті қызметкерлерін қолдау мақсатында, шаруашылық бөлімнің 50 қызметкеріне азық-түлік таратып, осындай қиын кезеңде бірге екендігін білдірді.

Төтенше жағдай жарияланғалы университет басшысы Б.С.Абдрасилов студенттермен де жиі онлайн байланыста болып, жағдайларын назарда ұстап отыр. Айта кетсек, жақында университет басшылары тарапынан университеттің жатақханаларында жатқан 400-ге жуық студентке тегін азық-түлік таратып, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз еткен еді. Міне енді қызметкерлерді қолдау мақсатында қайырымдылық шарасы жалғасын табуда.

Біз біргеміз. Біріксек бәрін де жеңеміз.



## СТУДЕНТТЕРДІҢ XII РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПӘНДІК ОЛИМПИАДАСЫ ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

2020 жылдың 15 сәуір күні Алматы қаласындағы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Философия және саясаттану факультеті, Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының ұйымдастыруымен, Тұңғыш Президент Қорының қолдауымен ҚР жоғары оқу орындары студенттерінің XII Республикалық студенттік пәндік олимпиадасының II кезеңі өткізілді.

ҚР БҒМ ұсынымдарына және қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайға байланысты 2020 жылғы Республикалық пәндік олимпиадаларды қашықтық форматта өткізу туралы шешімге сәйкес, олимпиада жұмысы online форматында ұйымдастырылды.

Елімізде 2020 жыл волонтерлар жылы болып аталғанына орай, байқау тақырыбы: «Қазіргі қоғамдағы волонтерлық: әлеуметтанулық перспектива» деп аталды. Нұр-Сұлтан, Алматы, Қарағанды, Түркістан және Орал қалаларынан жеті студенттік команда әлеуметтану ғылымының үздік атағы үшін күресті. Қатысушылардың әрқайсысы өздері оқитын мамандықтағы кәсіби біліктілігін көрсетіп қана қоймай, бәсекеге қабілеттіліктерін де көрсете



алды. Университетімізден аталмыш олимпиадаға 5В050100 «Әлеуметтану» мамандығының студенттері – Аманов Дінмұхамед, Совет Мирас және 5В020100-Философия мамандығының студенті Төлегенов Назар «Ясауи» командасы деген атпен қатысты. Команданың ғылыми жетекшісі — PhD, доцент м.а. Қ. Қалдыбай.

Олимпиадаға Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, М.Өтемісов атындағы БҚМУ, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды

мемлекеттік университет студенттері қатысып, бақ сынады.

Оқу ордамыздың Әлеуметтік ғылымдар факультетінің «Ясауи» командасы «Сіз, қаламыздағы жастардың волонтерлық істермен айналысуын қалай бағалайсыз?» атты жоба ұсынды. Олимпиада нәтижесі бойынша «Ясауи» командасы жүлделі 3-орынға ие болды.

Қоғамдық ғылымдар кафедрасы



© ФОТО  
BAKBERGEN  
KAYIRZHAN



# АБЫЛАЙ ХАН ҚАБІРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Археология ғылыми-зерттеу институтының бас ғылыми қызметкері, т.ғ.д. М.Қожа «Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде жерленген Абылай ханның қабірін зерттеу тәсілдері» тақырыбында онлайн-семинар ұйымдастырды.

Археология ғылыми-зерттеу институтының ғылыми бағытына сәйкес ұйымдастырылған онлайн-семинардың мақсаты: Қазақтың үш жүзінің басын біріктірген Абылай ханның қабірін анықтау барысында қолданылған ғылыми әдіс-тәсілдерді баяндау және ғылыми талқыға салу. Ғылыми семинарға университет башылары, ғылыми-зерттеу институттарының қызметкерлері, кафедра оқытушылары, магистранттар, студенттер, Әзірет Сұлтан және Отырар археологиялық қорық музейлерінің директор орынбасарлары қатысты.

Семинар барысында Мұхтар Қожа «Шығыстанушы ғалымдардың зерттеулерінде Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің іші мен айналасында жатқан құлпытастардың бірде-бірінде Абылай ханның аты жазылмағанын» тілге тиек ете отырып, атакты хан жерленген орын ғалым үшін беймәлім болып қалғандықтан, бұл зерттеуді бастағандығын баяндады. М.Қожа ғылыми-зерттеу жұмыстары барысында, Абылай ханға қатысты тарихи деректерді жинақтау арқылы, Абылай ханның Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің ішінде жерленгендігін анықтады. Сонымен қатар, Түркістанда болған генерал А.К.Гейнс, Ж.Аймауытов, Шәді Төре және т.б. зерттеушілердің қалдырған деректеріне сүйене отырып, Абылай ханның Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің қай жеріне жерленгендігін анықтады. Анықталған орында жүргізілген археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстары нәтижесінде, анықталған мүрдеге антропологиялық экспертиза жасалғандығын, нәтижесінде Абылай ханның дене



бітімі, ауруы, жарақаттары туралы ақпараттармен салыстырылғандығын баяндады.

М.Қожа онлайн-семинардың қорытындысында, Абылай хан мүрдесі деп нұсқаған қабірдегі адам қаңқасын антропологиялық тұрғыдан зерттеу нәтижелері, жерленген адамның бойы, жасы, кесел-сырқаты, жарақаты, оның онқай болуы, жалпы дене бітім ерекшеліктері Абылай ханның жалпы дене бітім ерекшеліктеріне толығымен сәйкес келетіндігін, Ресей Ғылым Академиясының Этнология және Антропология институтының арнайы пластикалық қайта қалпына келтіру зертханасында монокристаллмен алынған бас сүйекке бет-пішіннің көрініс бейнесі

жасалғандығын баяндады. Сонымен қатар бұл тәсілдер басқа да тарихи тұлғаларды зерттеу барысында қолданылуға болатындылығы айтылды.

Онлайн-семинарға қатысушылар өз пікірлерімен бөлісіп, тарихи тұлғаларға қатысты сұрақтар қойылды. Семинар соңында баяндамашы Мұхтар Қожа мен қатысушыларға Оқу ордамыздың ғылыми-зерттеу саласы бойынша вице-президенті, п.ғ.д., профессор К.М.Беркимбаев, Археология ғылыми-зерттеу институтының директоры т.ғ.к., профессор К.М.Жетібаев және Отырар археологиялық қорық музейінің директор орынбасары С.Ақылбек өз алғыстарын білдірді.

## «ТҮРКОЛОГИЯНЫ ДАМУ ТУРАДАҒЫ ІЗДЕНІСТЕР» АТТЫ ОНЛАЙН-СЕМИНАР ӨТТІ

Жақында, Түркология ғылыми-зерттеу институтының ұжымы «Түркология институтының әлеуеті және оны дамыту жолындағы ізденістер» тақырыбында онлайн семинар ұйымдастырды.

Семинарда арнайы мәселе көтеріп, баяндама жасаған ғалым, доцент Б. Әбжет осы кезге дейін түркологиялық бағытты дамыту жолында бірқатар жұмыстардың атқарылғанын айтты. Солардың қатарында 2002 жылдан бері үздіксіз жалғасын тауып келетін «Түркология» журналын шығару ісі болса, екіншісі түркологтардың тұрақты жиынына айналған Халықаралық Түркология конгресі екенін атап өтті. Ал, Түркология Конгресі бізге не берді? — деген мәселе бойынша «жақын шет елдерді айтпағанда сонау Еуропа, Америкадан бастап Жапония, араб елдерінен келген

белгілі ғалымдар киелі Түркістанда өткен Халықаралық Түркология конгресіне қатысып, Қазақстанның басқа жоғары оқу орындарына шақырылды. Бұл дегеніміз Түркология Конгресі Қазақстанда түркология ғылымының дамуына жол ашып қана қоймай, бірнеше гранттық жоба бойынша да игі шаралардың жүзеге асуына себеп болды» — деді.

Сонымен қатар, Түркістанда түркологиялық бағыттағы ғылыми саланы дамытудың әлеуеті аса жоғары екендігін, түркі халықтарының танымал ғалымдары мен білікті мамандарының бас қосар орталығы әрі ғылыми тәжірибе алмасатын лабораториясы да Түркістан қаласындағы Түркология ғылыми-зерттеу институты болуы тиіс екендігін атап, бірнеше ұсыныстар мен жоспарларды ортаға салды.

Түркологияны дамытудағы ізденістер жөнінде конференцияға қатысушылар өз пікірлерімен бөлісіп,

сұрақтары мен жауаптарымен бөлісті. Конференция соңында баяндамашы Бақыт Сырымұлы мен қатысушыларға Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінің басшысы А.Балтабаева мен Түркология ғылыми-зерттеу институтының директоры Б.Шишман өз алғыстарын білдірді.

Түркология  
ғылыми-зерттеу  
институты



© ФОТО  
BAKBERGEN  
KAYIRZHAN





# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖОО ҚАШЫҚТАН ҚАЛАЙ ОҚЫП ЖАТЫР?



«Егемен Қазақстан» газетінің 3 сәуір күнгі санында журналист Айдана Шотбайқызының «Халықаралық ЖОО қашықтықтан қалай оқытып жатыр?» деген мақаласы жарияланды.

Елімізде төтенше жағдай жарияланған 16 наурыздан бастап колледждер мен жоғары оқу орындары қашықтан оқытуға көшкені белгілі. Отандық университеттер ішінде халықаралық деңгейдегі ЖОО да бар. Мұндай жағдайда, яғни түрлі

елде студенттері бар халықаралық университеттер қашықтан қалай оқытып жатыр? Бұл сұраққа Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры Болатбек Серікбайұлы Абдрасилов жауап берді.

– Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының елімізде төтенше жағдай енгізу туралы Жарлығына байланысты оқу процесін толығымен қашықтан оқыту режиміне ауыстыруды өз уақытында әрі жоғары деңгейде ұйымдастырды. Бұған университетімізде соңғы 5 жылдан бері сәтті жұмыс жасайтын, әрі магистратура бағдарламасы бойынша толық апробациядан өткен КазТЕП (Қазақ тілінде қашықтықтан білім беру) қашықтан оқыту жүйесі себеп болды. Бұл жүйе қашықтан оқыту бойынша Түркия тәжірибесі негізінде түркиялық мамандармен бірлесе құрылған. Осы ақпараттық жүйенің ауқымы кеңейтіліп, 14-16 наурыз күндері аралығында барлық факультеттер жүйеге интеграцияланды, – дейді ректор.

Оның айтуынша, қашықтан оқыту жүйесіне (<https://dot.yu.edu.kz/>) офлайн дәріс жүргізу үшін MOODLE платформасы, ал онлайн вебинарлар үшін жүйесіне Zoom, Cisco Webex, BigBlueButton

видеоконференция бағдарламалары «бір терезе» қағидасы негізінде интеграцияланған. Қосымша платформа ретінде Platonus және басқа да жүйелер (Google hangouts, YouTube, Whatsap т.б.) қолданыста бар. – Қазіргі таңда 839 пән бойынша 1000 жуық оқытушы-профессор құрамы 9500 білім алушыға қашықтан білім беруде. Жүйеге жоғары технологиялық қолдау қамтамасыз ету мақсатында «бұлттық-cloud» технология қолданылды және 1-сәуір 2020ж. күніне бір уақытта орташа есеппен 6000 қолданушы жүйеде жұмыс жасауда. Университетте 19 елден 1404 шетел азаматы білім алады. Олардан төтенше жағдай жариялағаннан кейін елдеріне қайтқан 1042 студент Түркия, Болгария, Венгрия, Албания, Босния-Герцеговина, Косово, Әзірбайжан, Ресей секілді шет елдерден қашықтан еш кедергісіз (уақыт айырмашылығын ескермегенде) білім алып жатыр. Барлық пәндер бойынша электронды оқу-әдістемелік құралдары (силлабустары, лекциялары, қажетті презентациялары т.б.) жүйеге толық енгізілген. Университеттің кітапханасының электронды кітап қоры мен 24 оқу-ғылыми электронды ресурс базалары білім алушыларға 7/24 қолжетімді. Халықаралық университет ретінде әлемнің ең маңызды ғылыми метрикалық қорларының бірі- TUBITAK ULAKBIM (30 484 толық мәтінді ғылыми журнал, 87 млн. библиографиялық мәтін, 3341 стандарт және т.б.) ресурстары білімгерлерге ұсынылды, – дейді Б.Серікбайұлы.

Ректордың мәлімдеуінше, білім алушылармен кері байланысты орнату мақсатында Call орталық жұмыс істейді. Сонымен қатар университет жатақханаларында қазір 382 (оның 362 – шетелдік) студент жеке оқшаулану шарттарында қашықтан білім алады. Дәрістер жүйе арқылы бекітілген сабақ кестесіне сай жүргізілуде. Кампустар мен жатақханалар кең жиілікті интернет желісімен қамтылған (600- Мбит/с дейін).

## ТАЛАПКЕРЛЕРМЕН ОНЛАЙН КЕЗДЕСУ

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің қабылдау комиссиясы 17 сәуір күні сағат 17:00 де әлеуметтік желілер арқылы (facebook, Instagram, youtube) талапкерлерді университетке қабылдау ережесімен таныстыру бойынша онлайн кездесу өткізді. Университетіміздің қабылдау комиссиясына жауапты Еділ Төлегенов талапкерлермен тікелей эфирде жүздесті.

Кездесу барысында ҰБТ тапсыру, шығармашылық, арнаулы емтихан тапсыру ережелері, мемлекеттік білім гранты конкурсына қатысу ережелері, мемлекеттік білім грантына қатысушылар үшін берілетін жеңілдіктер, колледж түлектерін университетке қабылдаудағы жеңілдіктер, Түркия грантына қатысу ережесі, магистратура, резидентура, докторантураға қабылдау туралы ережелерімен таныстырды. Сондай-ақ талапкерлер тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді.

## ӘР АДАМ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУІ КЕРЕК

«Егемен Қазақстан» газетінің 06 сәуірдегі санында, оқу ордамыздың ректоры Б.С.Абдрасиловтың «Әр адам қолдау көрсетуі керек» атты мақаласы жарық көрді. Мақалада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың еліміздегі төтенше жағдайға және мемлекеттің дағдарысқа қарсы іс-шараларына байланысты кезекті мәлімдемесіне қолдау білдіре отырып, әрбір ұжым мен әрбір азаматты осындай аса маңызды кезеңде мемлекетке қолдау көрсетуге шақырады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың еліміздегі төтенше жағдайға және мемлекеттің дағдарысқа қарсы іс-шараларына байланысты кезекті мәлімдемесі елге сыйлады. Өйткені мәлімдемеде дағдарыстың алдын алу шараларының бұған дейін қабылданғаны, қазіргі қиын-қыстау кезеңнен шығудың жолдарын, сондай-ақ болашақта атқарылатын істерді нақты көрсетті.

Бұл індеттің үрейі, дақпырты бір бөлек болып тұр. Қауіпті инфекцияны жұқтырғандардың күн санап артып бара жатқаны алаңдатып отыр. Осы орайда Қ.Тоқаев өз сөзінде індетті жұқтырған азаматтарға қолдау білдіретінін, ауру қауіпті болғанмен, одан емделуге болатынын және бұл үшін барлық жағдай жасалатынын айтып, оларды еш мойымауға шақырды. Бұл – қазіргі қоғамға зор қолдау. Сондықтан осындай уақытта қиындық кезеңінде дүрбелең тудыруға жол берілмеуі тиіс. Әрбір ұжым, әрбір азамат осындай аса маңызды кезеңде мемлекетке қолдау көрсетуі керек.

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындауға біздің университетіміз де өз үлесін қосуда. Атап айтсақ, Қожа Ахмет Ясауи



атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Президенттің төтенше жағдай енгізу туралы Жарлығына байланысты оқу процесін толығымен қашықтан оқыту режиміне ауыстыруды өз уақытында әрі жоғары деңгейде ұйымдастырды. Бұған университетімізде соңғы 5 жылдан бері сәтті жұмыс істейтін әрі магистратура бағдарламасы бойынша толық апробациядан өткен КазТЕП (Қазақ тілінде қашықтықтан білім беру) қашықтан оқыту жүйесі себеп болды. Бұл жүйе қашықтан оқыту бойынша Түркия тәжірибесі негізінде түркиялық мамандармен бірлесе құрылған. Бұдан бөлек студенттермен кері байланыс орнату мақсатында Call орталық жұмыс істейді.

**Болатбек ӘБДІРӘСІЛОВ,**  
Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық  
қазақ-түрік университетінің ректоры



# БІЗДІҢ СИМВОЛДЫҚ ҚАЛҚАНЫМЫЗ, ӘРІ МАҚТАНЫШЫМЫЗ

Менің туған жерім – қасиетті де, киелі қонысым. Туған жердің әрбір сайы мен қырағы, тауы тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Біз ұлан-ғайыр жерімен аса бай рухани тарихы бар елміз. Менің мекенімде, дәлірек айтқанда оңтүстік өлкесінің қай-қай жері де қасиетті әулие-әмбиелерден кенде емес. Тамырын тереңге тартқан сондай киелі орындардың бірі – Түркістан облысы, Төле би ауданы, Қазығұрт тауы баурайында орналасқан «Ғайып Ерен Қырық Шілтен» атты киелі жерді айтуға болады.



Шежірелі өлкенің сыр әлеміне сыр шертер болсақбұл мекендегі сыр тұнған ғажайып бейнелер мұсылман қауымын желеп-жебеп, қолдап жүретін әулие-пір болмысында бедерленеді. Киелі бұл мекеннің тарихы туралы аңыздар да жетерлік. Баяғы өткен заманда Шілтен деген әулие кісі болыпты. Құдайға құлшылық жасап жүрген, істеген ісі ақ, көңілі сүттен пәк, ниеті адал, көзі де сөзі де түзу адал адам екен. Бір күні жолаушылап келе жатып, қасындағы қырық кісімен бірге Қазығұрт тауының етегіне келіп түседі. Дәм татып, дамылдағаннан кейін бесін намазын оқуға кіріседі. Намаз оқылып жатқан кезде таудан түскен қарақшы дұшпандар әулиені серіктерімен қоса өлтірмекке бекініп, тап береді. Шілтен мен қасындағы қырық жолдасы намаздарын бұзбай оқи береді. Намаз үстінде әулие жаратушыдан: «Иә, Құдайым, бізді жау қолына түсіре көрме, одан да тас мүсінге айналдыра көр!» деп тілейді. Жарықтық қасиетті Шілтеннің тілегі қабыл болып, серіктерімен бірге тасқа айналып, қатып қалады. Содан көпшілік бұл жерді Ғайып Ерен Қырық Шілтен әулиенің жері деп атап кетеді.

Кей аңызға сүйенсек, ол арабтың ғұламасы әл-Газалимен тікелей байланысты. Әл-Газали Үндістаннан араб елдеріне білім іздеп шыққан сәтте, ол мінген керуенге қырық қарақшы жолығып, ақша талап етіпті. Жолаушылар бар қаржысын жасырып бақса, әл-Газали анасы берген тиынның бәрін қарақшыларға санап беріпті. Баланың бұл ісіне таңырқаған қарақшылар себебін сұрағанда, әл-Газали анасының «Құдайдан қорық, адалдан мал тап» деген ақылын айтыпты. Қарақшылар баланың тегін емес екенін байқап, тартып алған ақшасын қайтарып беріп, бата сұрайды. Батадан соң, қарақшылар құсқа айналып, жоғарыға ұшып кетіпті. Содан бастап ол жер «Ғайып Ерен Қырық Шілтен» деп аталыпты. Оларға Алла тағала тарапынан қиын-қыстау жағдайға ұшыраған мұсылмандарға көмектесу міндеті тапсырылған сынды.

Бұл киелі мекенде бір-біріне қарама-қарсы үш бұлақ пайда болады. Үшеуінің дәмі де үш түрлі, емі де үш түрлі. Біреуі іш ауруына, екіншісі көз ауруына, үшіншісі құлақ ауруына шипа дәру.

Олжерде 15 метрге, екі үлкен жартақ орналасқан. Екі жартастың жарғабақтан түсу арқылы адам өтетін жол пайда болған. Екі тастың арасы шамамен 20-30 см қашықтықта. Пейілі таза адамдар еш қиналмай өткен сәттерде болады. Бұл жерге зиярат етіп келген адамдарға фото, видео түсірілім жасауға тиым салынған.

Бүгінде қасиетті жеріміз бізге рухани күш-қуат беретін қалқанымыз ғана емес, түрлі ауруға шипа беретін таптырмас орын. Халқымызда «Ғайып Ерен Қырық Шілтен, Назарыңды салып өт. Тар жол тайғақ кешуде, Жәрдемдесіп алып өт» деген сөз бар. Бұл киелі жерге жұртшылық тәу ету арқылы жаратушыдан медет тілеп келеді. Қазіргі таңда алыс-жақын Ресей, Өзбекстан, Қырғыстан, Түрікменстан сияқты көршілес елден келуші туристердің саны артуда.

Сандуғаш Бектұрова  
1-курс студенті

## Мен сені сүйем, өмір!

Өмір-теңіз, жүзем онда деменіз,  
Ізгілікпен жасалмаса кемеңіз.  
©Рудаки

Өмір – ол үлкен жол. Өмір адамға бір рет берілген үлкен сый. Өмірдің мәні адалдық, адамдықта. Өмір арнасы кең өзен, сол өзеннен өз арнамызды тауып, ағу – біздің мақсатымыз. Адам өзін-өзі тәрбиелеп, алдына мақсат қоя білуі керек. Сол мақсатқа жету үшін адамның құндылықтарды бағалай отырып, «өз өмірім – өзіме құнды» деген, қағиданы басты назарда ұстауымыз қажет.

«Пай, пай, өмір!

Өтесің-ау бір күні.

Тыясың-ау қуанышты, күлкіні.

Өмір деген – бір жарқ еткен найзағай,

Өмір деген – көк аспанның күркірі.» – деп Мұқағали атамыз жырлағандай, кей-кезде бұл құсқанат ғұмырдың қанатын қаққанын сезбей де қаламыз. Иә Жаратқан, адамның бұл өмірдегі жасаған жақсылығына, адамгершілігіне, кішіпейілдігіне және адал болса ғана өмірде шексіз шынайы бақытқа жеткізеді. «Ғұмыр» дейтін бұл тіркесті әркім әрқалай түсінеді. Біреу адамға өмір бір-ақ рет беріледі, оны уақытша рахат пен пайдасыз дүниелерге құртады. Ал, есті тұлға үшін бұл жалған тек қана сынақ. Бұл сынаққа тек сабыр етіп, өзінің көркем мінезін ұштастыра білген төтеп береді. Бүгінгі жас буын үшін нағыз қандары қызулы, әр нәрсеге еліктегіш өтпелі кезеңі. Бір мезетте күліп тұрып, жылайды. Бұл тұрғыда Абай ағамыздың өсиетін құлаққа құйып, ескеретін жастар болса дейміз. Бұл бір кірпіш дүниеге, өз кетігін тауып қаласа, елдің болашағы сенімді қолға өтер еді. Өмір сынынан сүрінбей өту – әр адамзаттың парызы. Әрбір адам аңсаған арманына жету үшін өмір бойы күреседі.

Біз қазір енді ғана он сегізінші көктемімізді қарсы алдық. Біреуге көп, біреуге аз. Бірақ өмір қанша жылдық ғұмырымен емес, оның мәнді де, өнегелі болуымен көркейе түспек.

Өзіңді жеңсең, бойыңдағы жауқаулықты, қорқынышты, жаман әдеттерді жойып, өмірдің сыйы мен әр мүмкіндігін пайдалана білесің, Өмір – бақыт, оны баянды ете біл. Оны бақытты ету өз қолыңда!

Шаира Жураханова  
1-курс студенті

## “КІТАП АҚЫЛЫНА АҚЫ СҰРАМАЙТЫН ЕҢ ҚҰНДЫ ҚЫЗЫНА”

“Кітап ақылына ақы сұрамайтын ең құнды қызына”- деген екен түркі жұртының ұлы ақыны, ойшыл Әлішер Науаи Ендеше, ой-өрісіңізді дамытуға, жан-жақтылығыңызды арттырып, бастан кешпеген оқиғалар желісіне саяхат шегуге неге мүмкіндік жасап көрмеске?!

Қазіргідей карантин кезінде уақытыңызды тиімді пайдаланудың бірден-бір жолы ол әрине кітап оқу. Сол себептен де сіздерге мазмұны мен негізгі идеясын қысқаша баяндап, қазақ әдебиеті жинағынан 5 кітапты ұсынып көрейін. 1. Бәрімізге белгілі Дулат Исабековтың 1980 жылы жарық көрген беттен-ақ оқырман назарын аударған- "Қарғын" романы. Негізгі идеясы – адам бойындағы адал, риясыз махаббат пен биік парасаттылықты жан-жақты көрсету. Шығарманың басты кейіпкері – атышулы жас жазушы Жасын және жоғары оқу орнына енді ғана түскен студент қыз Бағила. Жасын Мәдиев – ұшқыр ойлы, өмір шындығына жасқанбай тура қарайтын талантты жазушы. Автор оның Бағилаға деген шынайы сезімінің мінезі сияқты қайшылыққа толылығын сондай-ақ ішкі жан-дүниесімен арпалысын асқан шеберлікпен суреттеп берген. Шығарма-екі кейіпкердің поезд ішінде кездесуімен бастау алады. Жасынның келуі, Бағиланың өміріне үлкен бетбұрыс алып келеді... 2. Өлем әдебиетінің асыл маржандарымен теңесер Тахауи Ахтановтың «Шырағың сөнбесін» романыны. Ғылыми тұрғыдан да мәңгілік ғұмырлы, тәрбиелік мәні бар кітап екенін дәлелдеген болатын. Т.Ахтановтың сұм соғыс кезіндегі көп қаламгер қалам тарта бермейтін тақырыпты өзек етіп алған. Барды жоқ, тауды жер ететін таял соғысты әрине көп ақын-жазушылар шығармаларына арқау етті. Ал Тахауи Ахтанов дәл майдан үстін емес, майдан мен ел шакарасындағы нәзік жандылардың өліммен арпалысын суреттейді. Бас кейіпкер - Нәзіраның ұлтжанды, қайсар, қаһармандылығымен қоса, аяулы ана екенін үйлестіре суреттеген. Сұм соғыстың көрінісін, кейіпкерлер арқылы керемет бейнелеп, сол замандағы қиындық пен ауыртпашылықты осы туынды арқылы сезінуге мүмкіндік ашқан. 3. Бердібек Соқпақбаев "Өлгендер қайтып келмейді" Романда кейіпкерлер саны көп емес. Қат-қабат қалың тартыс оқиғалар жүйесі де жоқ. Алайда, автор бір ауыл адамдарының тіршілігі, оның ішінде бір үйдің, тіпті бір адамның тағдыры арқылы ауыр кезеңдегі өмір шындығын танытқан. Шығарманың негізгі, басты қаһарманы – Еркін Мамырбаев. Онымен 15-16 жасында танысамыз да, отызға шыққан кезінде



қоштасамыз. Барлық оқиға Еркін атынан баяндалады. Жақсылық, жамандық атаулыға Еркін көзімен баға беріледі. Дәлірек айтқанда, роман өзегі – Еркіннің бастан кешкендері, қалыптасып жетілу жолдары. “Өлгендер қайтып келмейді” – жастық дәурені соғыс жылдарымен қабаттас болған ұрпақтың өмірі, тағдыры жайлы қызықты роман. 4. Әзілхан Нұршайықов "Ақиқат пен аңыз" Бұл романда Ұлы Отан соғысы кезіндегі ерлік пен батылдық, алғырлық пен тапқырлық, жауға деген ыза-кек қат-қабат суреттеліп, патриотизм үлкен жеңістің рухани күшіне айналған. Отан соғысы кезінде небір қиын-қыстау кезеңдерді басынан кешірген тарихи тұлғаның айқын көрінісін Бауыржан характерінен тапқан. Отан соғысындағы қаһармандық, ерлік күресті әр алуан жақтарынан ашып, халықтық сипатын көтерген шығарма. 5. Әбіш Кекілбаев "Аңыздың ақыры" Қазақ прозаигі Әбіш Кекілбаев философиялық-астармен жаза отырып, өткен мен бүгінгінің маңызды мәселелерін қозғай білген. Бұл кітап — ойшылдықтың жоғарғы сатысынан қарағанда да, аңыз-әңгімелер мен бүгінгі күннің, өткен мен бүгінгі күндер тәжірибесінің қорытпасы, осы компоненттердің барлығы (әрине, мұның ішінде прозаиктің таланты да бар) қосыла келе, шығармалардың мазмұнын ғана байыттып қоймай, оның көркемдік қасиетін де арттыра түскен ерекше шығарма. Жоғары да жазып кеткен шығармалардың бәрі дерлік оқырман таңданысын тудырмауы мүмкін емес. Сіз қызығады деген 5 әдеби шығарманы осында қамтуға тырыстым. Ендеше, кітап сіздің жан-дүниеніңіздің асыл қазынасы, рухани байлығыңыздың өлшемі мен жаныңызға жалау болар досыңызға айналсын.

Назерке ИМАШЕВА 1-курс студенті



# ЛӘПӘР - ТАТУЛЫҚ АРҚАУЫ

**Ахмет Ясауи Университетінде II Түрік халықтар жастарының дәстүрлі Өнер фестивалін сәуір айында өткізу жоспарланған болатын. Былтыр Түркістанда тұңғыш рет өткізілген бұл жиынның бауырлас мемлекеттер арасындағы саяси, рухани-әлеуметтік, мәдениеттанушылық, тарихилық сипаттары өте жоғары үрдіс деп бағаланды.**

Өнер фестивалінің мақсаты: түбі бір түркі жұртының ұмытылып бара жатқан мәдениеті мен өнерін, салт-дәстүрлерін жаңғырту, жастарға туыстық, бауырлық сезімдердің тамырын тереңнен таныстыру болатын. 19 мемлекеттен 40-тан аса ұлт пен ұлыстың жастары білім алатын университетіміздің негізгі миссиясы да осы мұрттарға негізделген. Осы орайда, рухани құндылықтарымызды насихаттауда түркі халықтары өкілдерінің түрлі дәстүрлері, өнерін де ортақ құндылық негізінде таныту жұмыстарын жалғастырамыз.

Өзбек халқының #ләпәр жанры сол фестивалде көрініс тапты. Кеше белгілі ғалым, тарихшы, этнограф #Жамбыл Артықбаев ағамыздың осы жанрдың табиғатын ашқан мақаласы жарияланды. Түркістан облысында ғана, соның ішінде Түркістан қаласы аймағында сақталған бұл өнердің жаңғыруы біздің #оқуордамызда атқарылып жатуы да назар аударатын дүниелер. Алдағы уақытта осы бауырас халықтардың өнері мен дәстүрін туыстық мақсатта дәріптеу шараларын жалғастырамыз.

## #Ләпартатулықарқауы

Адам болашақтан үміті, ертеңіне жоспары болған соң адам, басқаша біздің өзге жанды тіршілік иелерінен айырмашылығымыз шамалы. Мына қытайвирусының алдында жоспарлап жүрген дүниенің бірі бүкіл елімізге ортақ қылып Ләпәр мейрамын өткізу еді. Әрине, жалғыз өзім өткізе алмаймын, бірақ қазақтың маңдайына біткен кәсіби этнографының бірі болған соң ойға алған шаруа туралы сіздермен ақылдасайық деп жазып отырмыз.

Алдымен Ләпәр атауына анықтама беріп кетейік. Ләпәр дегеніміз не? Бұл сөзді қарапайым қазақ тіліне аударсаңыз «лепір» болып шығады, яғни көңіл көтеру, не болмаса көңілдің көтеріңкілігі. Бұл бір жағы суырып салма ауыз әдебиеті, екінші жағынан музыкалық фольклор үлгісі. Ерте замандарда Сыр бойындағы қазақтың отырықшы қоныстарында ләпәр мейрамы ерекше орын алған. Бұл Қазақстан мен Өзбекстанның өзге региондарында жоқ, тек қана Түркістан, Шымкент, Сайрам, одан қалса Ташкент маңында ғана таралған өнер саласы. Мысалы, сіз Хорезмге барсаңыз ол жерде ләпәр дегенді түсінбейді, олардың ләзгі дейтін ғажап дүниесі бар. «Хорезм ләзгісі» дегенде ел бір орында отыра алмайды, қолдарын жоғары көтеріп, саусақтарын ойнатып, белдері бұралып

билеп кетеді, ләзгі туралы әңгімені кейін айтамыз. Өзіміздің Түркістан-Шымкенттік ләпәрға келейік. Ләпәр негізінен ойын-қалжыңға құрылады және қазақтың дәстүрлі қыз-бозбала айтысына келеді. Сіздер қазіргі күні айтыс дегенде міндетті түрде Жүрсін Ерманов ағамыз бастаған ұйымдастырушылар мен төралқадағы ақсақалдарды, үлкен сахна мен екеуден-екеу сопиып айтысып отырған қыз-жігіттерді елестетесіз. Дәстүрлі қыз-бозбала айтыстары тіпті басқаша болады, ол ұжымдық іс шара түрінде өтеді. Екі жақтың да арқасында жеңгелері, құрбылары, құрдастары, достары тұрады, айтысушы жақтың аузынан шыққан шумақтың қайырмасына қосылып, айтысты құлпыртып алып кетеді. Айтысушы қыз бен жігітке ара-тұра демалысқа, жаңа тақырыпқа сөз жинауға мүмкіндік беріп, екі жақтың командасы өз ара айтысып, тартысып, өнерпаздары билеп кетеді. Міне, біздің ләпәр деп отырғанымыз дәстүрлі айтыстың осы түріне ұқсайды.

Ләпәрды қазіргі уақытта Жүйнек ауылының «Дилшод» халық ансамблі табиғи түрде, дәстүрді бұзбай, жақсы сахналайды. Түркістан өңірінің кемі мың жылдық музыкалық дәстүрлерін ұстанған ансамбльдің репертуарында негізінен халық әндері (ләпәр), салт-дәстүр әуендері (жар-жар), ғазелдер мен мұғамдар мол. Сыр бойының көне әуендерін сары алтындай сақтап отырған «Дилшод» ұжымын көп жылдар Тотыхан Зайнишева басқарды, ол кісінің зейнетке шығуына байланысты қазір жетекшісі Зебинисо Абдалимова. Кезінде ансамбльдің құрамында әншісі, бишісі, музыканттары бар 33 адам болған екен, қазір ол заман естелік болып қалған. Совет заманында бірнеше халықаралық өнер жарыстарына қатысқан бұл ұжымға 1989 жылы «халықтық» деген атақ берілген көрінеді. Бұл атақты олар 2008 жылы да қорғапты. Өкінішке орай қазіргі күні ансамбль Түркістан қаласында өткізілетін «Наурыз», «Халықаралық әйелдер күні», «Қала күні» сияқты әр түрлі өнер кештеріне қатысудан аса алмай қалған. Мен «Қазақстан өзбектері» кітабын жазар алдында Сыр бойындағы қышлақтарды аралап шықтым. Сол кезде Кәріз қышлағында тұратын зейнеткер ұстаз Максұт Иззатуллаев Жүйнекте осындай ансамбль бар деп, олармен сөйлесіп Қарашық клубында өнерлерін көретін болдым. Ансамбль мүшелерімен танысып, енді видеокамераны қосарда осы өңірге тән ескі дүниелер болса екен деп тілек қылып едім, Тоты апамыз «Сіз, укам, сарттың ескі фольклоры керек деп айтсай» деді, сарт атауын айтуға ұялып тұр едім, «иә, маған керегі сол сарт фольклоры» дедім. Сонымен «Дилшод» ұжымы өнерін бастап кетті.

Біздің ойымызша сарт ләпәры мен қазақ айтысының төркіні бір, ол көне түрік дәуіріндегі, мүмкін одан әрі дәуірлердегі фольклорлық дәстүрлерден өз бастауын алады. Көбінесе жігіттер бір топ, қыздар бір топ болып тұрады да, бір-бірін қыздырмалап ішіндегі батылдары айтысты

бастап жібереді. Кейін оны екінші бірі жалғастырып, одан әрі билеп, таңды таңға жалғайды. Мысалы, қыз бен жігіт арасындағы ләпәр айтыстың бір үлгісі:

Жігіт: Ләпәр айтайлық юзма-юз, Остимга солинг оқ кийгиз. Ләпәрға майлингиз булса, Утирайлик тизма-тиз !  
 Қыз: Ләпәр айтиб бораман, Лапарни сизга соламан. Менга ләпәр топмасангиз, Мулда уятга коламан.  
 Жігіт: Дариянинг ул юзида, Салхам кайиқ, Салхам кайиқ. Овулингда қиз борми, Бизга лойиқ, биз лойиқ. Овулингда қиз булса бизга лойиқ, Куяв булиб турайлик, Тумсирайиб-Тумсирайиб  
 Қыз: Дариянинг ул юзида, От хайдаган мулла йигит. Тақияснин дал куйиб, Қиз танлаган мулла йигит. Ләпәр осылай жалғасып кете береді. Әр түрлі той - тамашаларда ләпәрсыз болмайды. Орта жастағы адамдар да, әсіресе әйелдер бастары қосылғанда, ләпәр айтысын бастап билеп кетеді. Ер азаматтар қосылса кейде дойра (капчик, чирманда, чилдирма) қолданылады. Бұл белгілі дәрежеде тойға, мерекеге жиналған адамдардың жақсы, көтеріңкі көңіл күйінің көрсеткіші. Ләпәр арқылы Сыр бойының байырғы отырықшы халқының өкілдері, қыз бен жігіт, әйел мен еркек, бір-біріне жайшылықта білдіре алмайтын сырларын айтып жібереді. Ерте заманда Наурыз сияқты ұлы дүбір мереке кезінде жастар бас қосып ләпәрды қыздырады. Ежелгі дәстүр бойынша Түркістанда отырған қазақ хандарын жайлауға, яғни Сарыарқаға шығарып салып, қарсы алған күндерін халық тойлап, ләпәр мейрамын өткізеді. Бізде мына қытайвирусынан құтылған соң осы Ләпәр мейрамын бүкіл халық болып өткізсек дұрыс болар еді. Түркістан өңірінде өз дәстүрлерін сақтаған, өнер ұжымдары бар ондаған қышлақтар бар, сол қышлақтарды Қазақстанның әр облысына бір-бірден бекітіп берсе болды емес пе?! Мысалы, Нұр-Сұлтан қалалық мәдениет басқармасы мен Ассамблеяның Достық үйі Түркістан қаласынан бір өнер ұжымын шақырып Ләпәр мейрамын бірге өткізсін, Ақмола облысы мәдениет басқармасы мен Ассамблеяның Достық үйі Қарнак қышлағын қамқорлыққа алсын, Қарағанды облысы мәдениет басқармасы мен Ассамблеяның Достық үйі Иқан қышлағын деген сияқты. Бірте-бірте Ләпәр мейрамы жалпы халықтық бас қосуға, кейін келе брэндке айналып кетуі әбден мүмкін деген пікірдемін. Біз жеріміз кең болғанымыз санымыз шағын халықпыз, бізге қазақ жерін мекендеген, осы жерді ата мекенім, кіндік қаным тамған, кір жуған алтын бесігім деген әрбір адам қымбат. Осы кең өлкені қоныс қылған әрбір этникалық топ ортақ қазанға өзінің ежелгі және қымбат дәстүрлерін, зейінділігін және еңбек тәжірибесін бізбен бірге салуы керек. Бүгінгі күні осы ортақ қазанды бәрімізге бірге, қосыла қайнату мәселесін осы елдің азаматы және ғалымы ретінде өте өзекті деп есептеймін.

**Проф. Ж.О.Артықбаев  
 #ЯСАУИ\_УНИВЕРСИТЕТИ  
 #РУХАНИ\_ЖАҢҒЫРУ**



# КҮЙШІ ТӨЛЕГЕН, «САЛТАНАТ» ЖӘНЕ МЕН

«Қазақтың бірінің біріне қаскүнем болмағынын, бірінің тілеуін бірі тілеспейтуғынын... себебі не?». Бұл Абай сөзі. Айттығанына жүз жылдан астам уақыт өтсе де, біз оның жауабын әлі таба алған жоқпыз. Талантты көзі тірісінде қадірлеуден де әлі адалмыз. Жылы сөзімізді өлген соң ғана арнағамыз келетін әдет бар әлі... Жиырма екі жыл бойы ешкімге айтпай, іште сақтап келген бір уақиға есіме түсіп отыр.

Созақ ауданында Қозмолдақ дейтін әдемі бір ауыл бар. Сол ауылда дүниеден өтер шағында қарт күйші Төлеген Момбеков тұрды. «Бозингеннің бүлкілі», «Салтанат» сияқты күй жауһарларын қалдырған атақты күйшіні көру бала күнгі арманым болатын. Бірде соның сәті түспесі бар ма! 1996 жылы кентаулық ақын Рахым Балабиев 60 жасқа толып, туған елі Сызған-Қозмолдақ әкімдігі дүркіретіп мерейтойын өткізбекке бекінеді. Қашанда сал-серілерін жанынан тастамайтын Рахым жанына біз сияқты бір топ өнерпазды ертіп алатынын естігенде, шынын айтайын, өз басым жүрегім жарылардай қатты қуандым! Қуанышым – Төлеген Момбековты көретінім, жанында отырып, өз шертуінде күйін тыңдайтыным.

Содан тойлы күні күнгей-теріскейге өнерімен таныс Абылайхан Оспанов, Мейрамқұл Дайрабаева, Аралбай Байжанов, Есқара Тоқтасынов, Назира Әділбаева, Базарбай Оспанов бар, бір қауым өнерлі жастар Созаққа тартып кеттік. Салған жерден ауыл әкімдігінің тойға өте тыңғылықты әзірленгендігі байқалып тұрды. Алты қанатты ақбоз үйлер, буы тұрқыраған қазан-қазан ет, үйді-үйге табақ тасыған ұлттық киімдегі қыз-

жігіттер шараның сәнін кіргізіп тұрғандай. Ақындығымен қабат, өнерпаздарға деген меценаттығымен, діндарлығымен танылып қалған Рахымның абыройының ауыл азаматтары үшін ерекше екенін сезіндік. Себебі, әрбір өнерпазға сөзін жерге тастамай бір-бір шенеунік бәйек болып қызмет етіп жүр. Бізді сегіз қанатты ақ үйге жайғастырды. Іші дудуман. Әннің де, жырдың да тиегі ағытылып-ақ жатыр. Ішке именіп кіре алмай, жабықтан құлақ түрген қыз-келіншектерде есеп жоқ, сылқ-сылқ күледі, есіктен сығалай жымың қағады. Ондайда өнерпаздың делебесі қозбай ма, әнді одан сайын сырғыта сорағатамыз.

Менің іздегенім – Төлеген Момбеков! Ыстық еттің буына тұманданған үйдің ішінен көзбен шөла күйшіні іздеймін. Көрінбейді. «Осындай дүбірлі дүманда болуы тиіс еді ғой, әлде бір жаққа сапарлай кетті ме екен» деген дудамал көңіл де жоқ емес. Күтушілердің бірінен қайда екенін сұрап та үлгердім. Ол селкес «сыртта жүрген шығар» деді де қойды. «Ауылдағының ауызы сасық»... Әлден уақ қолына кара домбырасын ұстаған, белі бүгіліп, шау тартқан бір қария сықырлауықтан ішке кіріп, босағаға сүйеніп отыра қалды. Үн жоқ. Әлпетінен әбден шаршағандығы білініп тұр. Мына сүренсіз өмір шаршатқан сияқты. Сырқат та мендегендей ме, қалай?.. Домбыраны жай адам алып кірмейді. Дәу де болса, Төлеген осы! «Аға төрге озын!» дедім дауысымды шығара, жанымнан орын ысырып. «Коя берініз, елдің адамы ғой, сіздер қонақсыздар...» деді әлдебіреу ыңғайсызданып. «Жоқ! – дедім мен қатқыл үнмен. – Төрге шықсын!» Қасымдағы адамнан «Төлеген күйші ме?» деп сұрап, нақтылап алғам. Домбырашы шал төрге ұзады. Салалы саусағымен домбырасының мойнынан тап айрылып қалардай қапсыра, бекем ұстап алған.

Жаныма жайғасқанда байқадым, жанары суланып тұр екен. Ішкі зар ма, әлде, ыза ма, әйтеуір бір запыран бар. Бірдеңе деуге оқталдым да, ішкі күйзелісін сыртқа шығарып алам ба деп сабыр сақтаңқырадым. «Шынымен де Төлеген күйшінің жанында отырмын ба», деп өзіме-өзім сене алар емеспін, мас болып, масайрап отырмын. Ептеп есін жиған соң, хал сұраса бастады. Ол да біздің жайымызды сұрап білді. Ащы судан ұрттаңқырап отырғанбыз, соны байқады ма, екі жүз граммдық қырыл стаканды білдірмей жылжытып, «күй» дегендей ым қакты. Кейде босансуға бұл да керек, қолын қақпадым. Жарыса тарттық. Сосын манадан бері қолынан тастамай ұстап отырған домбырасын елді елң еткізгендей дың еткізіп бір қакты. Қоңыр үн. Зор үн. Талай домбыра үнін тыңдап жүріп, бұрын соңды мұндай үнді естімегем. Ел тына қалды. Төлеген көзін жұмды... Біз үйі қалдық...

Алматыға келген бір сапарында Төкең телевизияға келіп, грампластинкаға атасы Бапыштың, Сүгірдің және өз шығармаларынан бірнеше күй орындайды. Сол кезде теледидар қарап отырған Нұрғиса Тілендиев: «Мына қақпас қайдан шықты?!» деп, атып тұрғанын естігем. «Талантты талант таниды» деген осы. Біз де тура сол Нұрғисаның кейпіндеміз. «Қосбасар», «Мешін», «Қат-қабат», «Мыңжылқы», «Ел жаңа», «Асу», «Анама», «Қоштасу», «Қаратаудың шертпесі»... Бірінен соң бірі құйылып жатыр. Базбірі өз күйлері, базбірі Сүгір күйлері. Тыңдаудан еш жалығатын емеспіз. Әттең... клубтан «сіздерді қалың ел күтіп отыр» деген хабар жетпегенде, қанша отырарымызды бір Құдай білсін...

Клубтағы кеш біткен соң, кешқұрым таза ауада Төлеген күйшіні қайта іздедік. Ендігі тыңдағымыз келгені – «Салтанат», қызына

арнаған күйі. Мана байқағанбыз, Төлеген тұрған үйдің сырт сылағы түсіп, қоршауы қисайыңқыраған екен. Ауыл әкімін шақырып алып, «бұл қалай?» деп бетіне басып, ұялтанбыз. Сол үйге барайық дедік. Мың болғыр, ауыл атқаміндерлері бірер сағаттың ішінде үйді сылап-ақтап, тап-тұйнақтай етіп қойған екен, қуанып қалдық. Төлегеннің жүзіне де қан жүгіріп қалған екен. Күй бірінен соң бірі ағылды, Төлеген шалқыды... «Салтанатты» қолқаладық. Төкең бұл күйін салған жерден орындауға асықпайтынын аңғардық. Алысқа ұзақ көз тікті, жанарын жас сауратты. Кенет, томағасын сыпырған тұйғындай кара домбырасын бебеулете жөнелді... «Салтанат»...

Күйшінің асыл жары Пернеш қайтыс болып, Төкең Райхан, Қызжан, Дана, Гүлжан, Салтанат атты бес қызымен, Қайрат атты бір ұлымен қалады, қаза жанына қатты батады. Бір күні жұмыстан шаршап үйіне келсе, Қайратты төрт жасар Салтанатын жылатып қойыпты. Салтанат арада біраз жыл өтсе де, өлген шешесін ұмытпай: «Апама айтам» деп зар еңіреп жылап отыр екен. Осы сөзді құлағы шалып қалған күйші ауыр күй кешіп, қатты толқиды. Қызын жұбатып отырып, өзі де қосыла жылайды. Бар тапқаны домбырасын сабалай береді. Ертеңіне жаңа күй шығады... Осы жолы да тап солай, күйді екі жанарынан жас саулата отырып орындады. Біз де тебіреніп кеттік...

Кейін Теріскейден Төлеген күйшінің қазасы туралы суық хабар жеткенде, көзден саулаған жасымды тыя алмай, көпке дейін дел-сал күйде жүрдім. Бар тапқаным, «Салтанат» күйін тыңдай бердім. Бұл жолы «Салтанат» күйі маған Төкеннің реквиеміндей естілген еді...

Бекжігіт СЕРДӘЛІ

## САҚТАНСАҢ, САҚТАЙДЫ

**Қазіргі таңда әлемді дүркірткірген COVID-19 вирусы жайында түрлі ақпарат кезіп жүр. Халық қай ақпаратқа сенерін білмей дал болуда. Осыған байланысты журналист Қуаныш Сабырұлының фейсбук парақшасында аталмыш дертті зерттеп, ойына түйгендерін сараптай отырып түсіндірген жазбасын жарияладық.**

Қазір не көп, ғаламторда коронавирус туралы ақпарат көп. Соларды саралай келіп түйгенім мынау. 1. Коронавирус дегеніміз кәдімгі тұмау (грипп) екен. Тұмаудың бұл түрі ғылымға 1960 жылдан белгілі көрінеді. Әлеуметтік желілердегі «пәлен жылы шыққан кітапта коронавирус туралы айтылыпты» дегендей ақпараттардың жүргені де сондықтан. Бірақ содан бергі уақытта ол сан рет өзгеріске (мутация) ұшыраған. Сондықтан бүгінде ғылымға коронавирустың отыздан астам түрі белгілі. Кезінде елді шулатқан «құс тұмауы», «шошқа тұмауы» сияқты індеттер осы коронавирустың өзгерген түрлері. Ғалымдардың айтуынша бүгінде адамзатты үрейлендіріп отырған COVID-19 да сол қатардағы вирус. 2. Қарапайым вирус болса, неге әлем дүрлігіп жатыр? Мәселе коронавирустың қатерлілігінде. Кез келген вирустың қатері өсіп жетілу (инкубация) кезеңі, өлім деңгейі, жұқпалылығы, берілу жолдары, тәуекел топтары, т.б. көрсеткіштері бойынша анықталады. Мәселен 2002 жылы Қытайдың Гуандун провинциясында тіркелген, ауа-тамшы жолымен берілген SARS (типті емес пневмония) індетімен әлемнің 29 елінде 8 мыңнан астам адам ауырып, 813 адам өлген. Яғни, өлім деңгейі 9-10 пайызды құраған. Бірақ вирус әлсіз болғандықтан өлгендердің басым бөлігін егде жастағылар құраған. Ғалымдар оның вакцинасын ақыры таба алмады. 2009 жылы Мексика астанасы Мехикода тіркелген шошқа тұмауын H1N1 09 вирусы тудырып, бір жылға созылды. Әлемде жарты миллиондай адамға жұғып, 5 мың адамның өмірін қиып кетті. Сондықтан да ДСҰ оны пандемия деп жариялады. Орташа өлім көрсеткіші 1 пайызды ғана құрағанымен, ажал құшқандардың көбі жастар еді. Бұл індеттің вакцинасын британдық дәрігерлер сегіз айдан кейін ғана тапты. Әлемді алаңдатқан «құс тұмауы» әлі естеріңізде болар? Оның себепкері H5N1 вирусы бірінші рет 1971 жылы Гонконгта тіркелген көрінеді. 2003-2008 жылдары әлемде құстан тұмау жұқтырудың бар болғаны 361 расталған оқиғасы орын алғанымен ғалымдар оны бүгінгі таңдағы аса қатерлі індет деп бағалап отыр. Неге? Өйткені құс тұмауын жұқтырғандардың 60 пайызы көз жұмған. Ғалымдардың пайымдауынша адамзатты қырылып кетуден індеттің адамнан адамға емес, құстан адамға берілуі ғана құтқарып қалыпты. Індет миллиондаған құсты қырып тастау арқылы ауыздықталды. Өздеріңіз көріп отырсыздар SARS індетінде өлім деңгейі жоғары болғанымен, вирус әлсіз болып, үлкен зардап еке алмаған. Шошқа тұмауы жастарға қатер төндіргенімен өлім көрсеткіші төмен болған. Құс тұмауының құрбаны болғандардың саны қорқыныш ұялатқанымен, жаппай тарала алмаған. Ал COVID-19 вирусында осы қатердің бәрі жинақталған деуге болады. Оны жұқтырғандардың арасында қайтыс болып жатқандардың қатары күн өткен сайын көбеюде. Соңғы деректерге қарағанда 100 мыңға жетіп қалған. Өйткені адамдарда жаңа вирусқа иммунитет жоқ. Вакцинасы әлі табылмауда. Маусымдық тұмауда сырқаттардың екі-ақ пайызы ауруханаға жатқызылатын болса, коронавируста 20 пайызы ауруханаға, оның ішінде 5 пайызы жансақтау бөліміне жатқызуы қажет етеді. Көптеген елдерде ауруханаларда орын жетпей жатуының себебі сонда. Жаңа вирустың жұқпалылығы да жоғары. Орташа есеппен тұмау тиген адам 1-2 адамға жұқтырса, коронавируспен ауыратын адам 3-5 адамға дейін жұқтыруы мүмкін. Дегенмен жаңа вирустың басты қатері - инкубациялық


кезеңі екен. «Адамды бір күнде өлтіретін вирус қауіпті ма, жоқ 15-20 күннен кейін барып өлтіретін вирус қауіпті ма?» деп сұрасаң, кез келген адамның «әріне бір күнде өлтіретін вирус қауіпті» деп жауап беретіні анық. Вирусологтардың айтуынша шын мәнінде араға уақыт салып барып сұғатынын індет қауіпті екен. Себебі белгілері тез білінетін вирусты жылдам анықтап, таралуының алдын алу оңай, ал өсіп жетілу (инкубация) кезеңі талай күнге созылатын вирусты арнайы тестсіз анықтау мүмкін емес. Мамандар COVID-19 вирусының өсіп-жетілу кезеңі 14 күнге дейін баратынын айтады. Бұл - адам осында уақыт өзінің қатерлі індетті жұқтырып алғанын білмей жүре беруі мүмкін деген сөз. Ал ол жай жұрмейтіні, індетті өзгелерге тарататыны белгілі. Міне, сондықтан да оны жұқтырғандар қатары әлемде 1,5 миллионнан асып кетіп отыр. 3. Жаңа коронавирус қалай жұғады? COVID-19 тірі жасушалардың (клеткалардың) ішінде ғана көбейетін вирус. Адам сөйлегенде, түшкіргенде, қол алысқанда, құшақтасқанда, сүйіскенде т.б. берілетін көрінеді. Сөйлегенде, түшкіргенде шығатын вирусты түйіршектер ауадан ауыр болғандықтан алысқа ұзамай әртүрлі заттарға қонады. Сау адамдар ол заттарды ұстаған қолын көз, ауыз, мұрын қуыстарына тигізіп, өзіне инфекция енгізуі мүмкін. Ең қатерлісі коронавирустың тәж тектес өскіндері ағзаға пайдалы заттардың өскіндеріне ұқсайтындықтан адам иммунитеті оны ажырата алмай қалып, рецепторлар өзіне тастай кылып жапсырып алады екен. Осылайша жасушаға оп-онай еніп кеткен «жау» оған өзін (коронавирусты) көбейту туралы бұйрық береді. Жасуша оны орындайды. Сөйтіп бірнеше күннен кейін адамның өкпесін миллиондаған жаңа вирус жаулап алады. Бірақ бұл да дерттің соңы емес. Вирус өкпе жасушаларымен қатар бірқатар иммундық жасушаларды да зақымдауы мүмкін. Есі шығып кеткен олар аттандап өзге «қаруластарын» көмекке шақырады. Сөйтіп ағзада алапат шайқас басталады. Жан алып, жан беріскен бұл қырғында иммунитет вирусты жасушаларды ғана емес, пайдалы жасушаларды да өлтіре бастайды. Аурудың бұл сатысында адам қызуы көтеріліп, жөтелуден кейін айығып кетуі де мүмкін, «шайқас» салдарынан өкпе қатты зақымданып, пневмонияға ұласып кетуі де мүмкін. Мұндай қатер төнген жағдайда науқас өліп кетпеуі үшін дәрігерлер өкпені қолдан желдету аппаратына қосады. 4. Соңғы кездері «коронавируспен ауырған адамдар жазылыпты» деген сүйінші хабарлар естіліп қалып жүр. Әрине, қуанышты жайт. Дегенмен ел «жазылыпты» дегенді ауруханада арнаулы дәрі-дәрмектермен емдеп жазып шығарған деп түсінетін сияқты. Бұл - жансақ тұжырым. Жоғарыда айтқанымыздай COVID-19 вирусының вакцинасы өкінішке қарай әлі табылған жоқ. Ғалымдар күндіз-түні ізденіп жатқанымен жақын арада табылмайтын сияқты. Бұл орайда «Ал сонда дәрігерлер не істеп жатыр?» деген сұрақ туындайды. Медиктер емі табылмағанына қарамастан вирус жұқтырып, ауыр халде жатқан науқастардың жағдайын жақсарту, өкпелері істемей қалғандарын қолдан желдету аппаратына қосу, індет өршіткен созылмалы дерттерін емдеу, әл беретін терапия жүргізу арқылы өмірлерін сақтап қалу жолында жанталасып еңбектеніп жатыр. Бұл оңай жұмыс емес. Індеттің алдыңғы шебінде, қалың аурулардың ортасында басын бәйгеге тігіп (елімізде 120 дәрігер вирус жұқтырыпты) күндіз-түні жұмыс істеуі шын мәнінде нағыз ерлік. Егер ақ халаттылардың жанкешті еңбегі болмаса індеттен қайтыс болғандардың саны бірнеше есе көп болар еді. 5. Медициналық масканы тағу керек пе, тақпау керек пе? Бұл сауал елді індет басталғалы бері мазалап келеді. Тағу керек дейтіндердің уәжі түсінікті. «Бетперде вирус жұқтырудан сақтайды», дейді олар. Ал тақпайтындар мен оларды қолдайтындарға келсек, бір тобы «бетперде вирустан қорғай алмайды, пайдасы жоқ» десе, енді біреулері «бетпердені жұқтырғандар тақсыз, мен сауым» дейді. Бір қарағанда дұрыс сияқты. Мамандар арнаулы кеймбат

медициналық маска болмаса, дәріханаларда сатылатын масканың COVID-19 вирусынан қорғай алмайтынын жасырмайды. Оның үстіне маска бастапқыда оташы дәрігерлерге арналып жасалған көрінеді, яғни ота кезінде дәрігердің ағзасындағы зиянды бактериялар ауыз арқылы науқасқа берілмеуі үшін пайдаланылады екен. Дегенмен, бұл жерде мына мәселені ескеру керек. Жаңа вирустың өсіп-жетілу кезеңі 14 күнге дейін баратынын, адам осында уақыт өзінің қатерлі індетті жұқтырып алғанын білмей, індетті өзгелерге таратып жүре беруі мүмкін екенін жоғарыда айттық. Мұндай жағдайда «бетпердені жұқтырғандар тақсыз, мен сауым» деу ақымақшылық. Негізі медициналық масканы вирусты өзіме жұқтырып алмайын деп емес, өзгелерге жұқтырмайын деп тағу керек. Себебі бетперде вирусты жұқтырған, бірақ оны әлі білмейтін адам сөйлегенде, түшкіргенде аузынан түкірік түйіршектермен шыққан вирустарды ұстап қалады. Яғни масканың міндеті таққан адамды емес, оның айналасындағы адамдарды вирустан қорғау. Халық бетпердені 100 пайыз тағып жүретін болса, вирус маска ішінде қалып, ауаға таралмайды. Осылайша бірден бірге беріліп өршіп бара жатқан тараудың таралу тізбегі үзіледі. Медициналық масканы жаппай тағып жүрудің маңызы, міне, осында! 6. COVID-19 вирусының вакцинасы әлі табылмаса, бетперде одан қорғай алмаса, қатерлі індетті қалай жеңуге болады? Вирусолог мамандардың айтуынша, бұл әлемдік індетті бір ғана медицинаның күшімен еңсеру мүмкін емес. Әлемдік ұйымдар, мемлекет, медицина, бизнес, жалпы қоғам атқаруы тиіс кең ауқымды іс-шаралар кешені жүзеге асырылуы тиіс. Әлемдік ұйымдар, мемлекет, медицина, т.б., өздеріне жүктелген міндеттерді шама-шарқынша атқарып жатыр. Ал халыққа, тұрғындарға жүктелетін міндеттер мынандай. Біріншіден жер-жерлерде өмірі бітпейтін той-томалақтарды тыю. Оған дәлел - Италиядағы жағдай. Еуропа елдерінің ішінде Италияда коронавирус індеті бірден әрі күрт өршіп кетті. Неліктен? Бұл елде індетті алғаш жұқтырғандар ақпан айында шыға бастаған. Бірақ ешкім оған мән бермеген. Биліктің ескерткеніне қарамастан ел сайрандауын қоймаған. Тіпті 50 мың адам қатысқан футбол өткізілген. Бүгінде Италия коронавирустен өлген адамдар саны бойынша әлемде бірінші орында тұр. Дүние жүзіндегі ең құдіретті мемлекет АҚШ-тың өзі немісқұрайдылық танытамын деп опық жеп отыр. Бүгінде Құрама Штаттарда вирус жұқтырғандар саны жарты миллионға жетіп қалды. Трамптың өзі кезінде қатерін дұрыс бағаламады, мән бермеді деп бармағын шайнауда. Екіншіден, карантиндік режим талаптарын бұлжытпай орындау. Қытай індетті осылай еңсерді. Ә, дегенде жұқтырғандар саны жөнінен көш басына шыққан Жапон елі мен Оңтүстік Корея осындай қатаң шаралардың арқасында бүгінде індеттің таралуы жөнінен тізім соңына қарай сырғыды. Оған медициналық масканы бұрыннан-ақ тұмау кезінде тағып жүретін, «аузыңды шай, қолыңды жу, ұйқыңды қандыр» деген қағиданы қатаң ұстанатын бұл елдер халқының індет тұсында жеке тазалық пен сақтықты тіптен күшейтуі игі ықпал еткен. Қашанда тәртіпке бас июге тәрбиеленген жапондар мен оңтүстіккореялықтар өз үкіметтерінің тиісті режимді қатаң сақтау туралы шақыруы мен денсаулық сақтау министрлерінің тазалық сақтау туралы кеңесін бұлжытпай орындаған. Нәтижесінде Қытаймен іргелес жатқандарына, барыс-келістері көп екендігіне, ә, дегенде коронавирусы жұқтырған азаматтары көп болғанына қарамастан індеттің таралу қарқынын тоқтата алды. Бізге де осындай тәртіп, осындай сана қажет. «Коронавирус деген өтірік», «бізге жетпейді» деп жайбарақат құдалыққа барып, той тойлап, қыдырып жүргенді қою керек. Індет ойыншық емес. Есімізді жияйық, ағайын!

Қуаныш САБЫРҰЛЫ



Күн

шуақты  
КӨКТЕМ

**ФОТО**  
© NAKYP  
SHYNTEMIR

**Ясауи университеті**

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТЕРІНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік пәсі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редактор м.а.: Эльмира АРТЫҚБАЕВА

Ақпарат орталығы:  
Бейсен Тельман  
telabdi@mail.ru

Тілшілер:  
Эльмира АРТЫҚБАЕВА  
elmira\_artykbaeva@mail.ru

Сүлеймен ДОҒАН  
dgn\_s8@hotmail.com

Дизайнер:  
Мұрат ШАХАНБАЕВ

Фото маманы: Нақып Шынтеміров

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның кезқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

Газетті есепке қою туралы

№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 601-кабинет. Байланыс телефоны: 8 72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru